

1. Математика мен дене тәрбиесі сабағы арасындағы байланыстар
 - А) халықтық ән, би, күй, айтыс және термелерді математика мазмұнына сіңіру
 - В) баланың кеңістікті болжауы және сәйкес түсінікті пайдалануы
 - С) уақыт аралығы жайындағы түсініктердің қалыптастырылуы
 - Д) нота сауатында математикалық білімнің пайдалануы
 - Е) қозғалысты ұлттық ойындардың қолданылуы
 - Ғ) өзіндік пікір айту және оны дәлелдеу
 - Г) күнделікті өмірге қажетті бұйымдар жасауда математикалық білім, білік, дағдылардың пайдалануы
 - Н) өлең жолдарындағы буын сандарының теңдігі
2. Математикалық модельдеу бөлімінің мазмұны
 - А) пікірлер
 - В) теңдік және теңсіздік
 - С) математикалық тіл
 - Д) сандармен амалдар орындау
 - Е) тізбектер
 - Ғ) есептер және математикалық модель
 - Г) геометриялық фигураларды кескіндеу және салу
 - Н) шамалар және оларды өлшеу бірліктері
3. Бастауыш мектеп математика пәні мазмұнының бөлімдері
 - А) Сандар және өлшемдер
 - В) Алгебра элементтері
 - С) Кестелік қосу мен азайту
 - Д) Геометрия элементтері
 - Е) Арифметикалық амалдарды оқытудың әдістемесі
 - Ғ) Үлестер
 - Г) Есеп, оның мазмұны
 - Н) Қарапайым түсініктер
4. 2 сынып математика оқулығының авторлары
 - А) Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.Қ.Құрманалина
 - В) Т.Қ.Оспанов, О.В.Кочеткова, Ж.Қ.Астамбаева.
 - С) М.И. Моро, А.М. Пышкало
 - Д) А.Б.Акпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мынжасарова
 - Е) М.А. Бантова
 - Ғ) Г.В.Бельтюкова
 - Г) М.И. Моро, Т.Қ.Оспанов,
 - Н) М.А.Бантова, О.В.Кочеткова, Ж.Қ.Астамбаева.

5. Блум таксономиясының алтыншы – бағалау деңгейінің көрсеткіштері
- A) ақпаратты, оқу материалын есте сақтау мен қайталау
 - B) оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір белгі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау
 - C) оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану
 - D) оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп, олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну және түсіндіре білу.
 - E) оқу материалдарын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұн құрастыру
 - F) оқу материалының маңызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау
 - G) оқу материалдарын пайдалана отырып зерттеушілік тұрғыдан өзіндік идея шығару
 - H) танымдық қабілеттерін дамыту
6. Блум таксономиясының екінші– түсіну деңгейінің көрсеткіштері
- A) ақпаратты, оқу материалын есте сақтау мен қайталау
 - B) оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір жүйеден басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау
 - C) оқу материалын жаңа жағдайларлар барысында қолдану
 - D) оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп, олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну және түсіндіре білу
 - E) оқу материалдарын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыда жаңа мазмұн құрастыру
 - F) оқу материалының маңызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау
 - G) оқу материалдарын пайдалана отырып зерттеушілік тұрғыдан өзіндік идея шығару
 - H) танымдық қабілеттерін дамыту
7. Математиканы оқытуда оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыс үлгілері
- A) мұғалімдермен және оқушылармен сұхбатқа қатысу
 - B) талқылауларға қатысу
 - C) сұрақтар құрастыру және сұрақтарға жауап іздеу
 - D) мәтінде тірек сөздерді белгілеу
 - E) ғылыми мәтіндермен жұмыс жасау
 - F) тапсырмаларды орындау үшін нұсқаулықтарды, алгоритмдерді құру
 - G) тапсырманы орындау барысына талдау жасау (ауызша және жазбаша)
 - H) математикалық есептерді ауызша және жазбаша шешу тәсілдерін сипаттау және түсіндіру

8. «Интербелсенді» дегеніміз

- A) белгілі бір тұлғамен қарым-қатынасқа түсу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру
- B) ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану
- C) проблемаларды шешу және шешім қабылдау
- D) өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін жалпы адами құндылықтармен байланыстыру
- E) өздігінен үйрене білу
- F) ортақ жұмысқа жұмыла білу
- G) ақпаратты жан-жақты талдау
- H) өздігінен жаңа түсінік пен білім құрастыру

9. Натурал сандар қатары

- A) шексіз
- B) шектеулі
- C) 1-9 дейінгі сандар
- D) 0 ден басталатын сандар
- E) 1- ден-100-ге дейінгі сандар
- F) 1-ден -1000 –ға дейінгі сандар
- G) көп таңбалы сандар
- H) миллиондар

10. Миллион санымен оқушы ... танысады

- A) 1 сыныпта
- B) 2 сыныпта
- C) 3 сыныпта
- D) 4 сыныпта
- E) 5 сыныпта
- F) 2 сыныптың 4 тоқсанында
- G) 3 сыныптың 2 тоқсанында
- H) 3 сыныптың 3 тоқсанында